

Г.К. Уалиева*, М.А. Алпысбес

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: gulmi877@mail.ru; alpysbes@gmail.com)

Қазақ Ордасы хандарының төре әулеттерімен еларалық қарым-қатынас орнатудағы неке дипломатиясы

Қазақ хандығы — орта ғасырлар мен жаңа замандағы Ұлы дала төсіндегі мұсылман елінің бірі, жартылай көшпелі шаруашылық дәстүрін сақтаған байырғы мемлекет болды. Қазақ жайлы мағлұматтарды сол заманның көршілес мемлекеттерімен қарым-қатынастары туралы деректерден де байқаймыз. Қазақ хандығы туралы ауқымды мақалалар, ғылыми еңбектер жазылды, әлі де жазылып жатыр. Мақалада хандық туралы, оның қалыптасуындағы саяси мәселелерге тоқталмай, өзекті тақырыптардың бірі — патриархалдық салтындағы жартылай көшпелі тұрмыс кешкен мұсылмандық ортадағы әйел адамының рөлі қарастырылған. Саясат пен әлеуметтік дамудағы әйелдердің ықпалы, қоғамдық және мәдени-рухани өмірдегі олардың әсері, тұрмыс тіршілігінің дамуындағы қызметтері жөнінде талдау жасап, соған қатысты деректер келтірілген. Сонымен қатар мақалада түркілік тарихи деректерді, отандық және шетелдік тарихшылардың мақалалары негізінде көршілес мемлекеттер билеушілерінің сарайларында өмір сүрген, халықаралық, мемлекетаралық дипломатияда ықпал еткен әйелдер туралы біраз мәліметтер айтылған. Көбінесе олар билеуші элитаның өкілі болып, әулеттік байланыстарда болған. Әйелдер жарының өмірінде адал серік, балаларының анасы бола отырып, мемлекетте жоғары лауазымдарды атқарып, оның саяси (соның ішінде халықаралық) және қоғамдық өміріне қатысты. Мұндай әйелдер, атап айтсақ, Шибанидтер мемлекетінде Михр-сұлтан ханым, Моғолдар мемлекетінде Чучук-ханым, Бабыр сарайында Айша ханым, Сібір хандығындағы Сүзге ханым, Қазақ ордасындағы Бопай ханым сияқты тұлғалардың өмірі мысал бола алады.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы, әйелдердің рөлі, патриархалдық тұрмыс, саяси өмір, қоғамдық қатынастар, Сібір хандығы, Шибанидтер, Бабыр мемлекеті.

Kipicne

Гуманитарлық ғылымдарда адамзат тарихындағы әйел адамдардың орны, құқығы, әлеуметтік мәртебесі жайлы ғылыми ізденістер жалғасын табуда. Терминологиялық ізденіс жасау тұрғысында қазақ тіліндегі ханым, ханша, бейіс, бегім, бекзат, бикеш, бәйбіше, елті (бақсы әйел, немесе бақсы әйелі ме), бибі, бойжеткен сұлу ұғымдары қалыптасқанын аңғаруға болады. Бұлардың барлығы жас ерекшеліктерін ғана емес, олардың қоғамдағы әлеуметтік сипатын ерекшелейді.

Қазіргі қоғамда, ғылыми танымда болсын, ортағасырлық мұсылман әлеміндегі әйелдердің өте қарапайым рөлі туралы тұрақты және біржақты көзқарастар бар. Оның рөлі отбасы, ошақ қасы, бала тәрбиесі міндеттерімен ғана шектеледі деп есептеледі. Көптеген шығыстанушылардың пікірінше, ислам әйелдердің қоғамдық өмірге араласуына тыйым салған. Дегенмен, араб халифаттар заманында да, сол дәуірдегі мұсылман түркі мемлекеттерінің, кейінгі Түркі ислам мемлекеттерінің тарихын қарасақ, әйел адамдардың қоғамдық болсын, саяси болсын өмірде болсын өте белсенді болғанын көруге болады. Бұл стереотип орта ғасырдағы қазақ әйелдеріне де қатысты. Алайда, тарихи материалдар мен халық жадында қалған ауыз әдебиетіне зер салсақ, бұл пікірдің жартылай ғана шындыққа сәйкес келетінін көрсетеді. Қазақ хандығынан бұрынғы да мемлекеттер тарихындағы яғни Ұлы Даладағы мұсылман-түркі мемлекеттерінің өткенін де көз салсақ, Қазақ хандығындағы әйел адамдардың рөліне алғышарт жасады деуге болады. Саяси билікте Хорезмшахтардағы Теркен хатун, Алтын Ордадағы Батый ханның бәйбішесі Борақшын хатун, Тоқтамыстың қызы Жанбике сұлтан-бегім, мәдени-рухани өмірде Айша бибі, Бабажи хатун, Бегім ана сияқты тұлғалардың өмірі мысал бола алады.

Методология және зерттеу әдістері

Қазақ әйелдері тарихының мәселелерін қарастыруда негізінен әлеуметтік тарихты зерттеудің әдіс-тәсілдері қолданылуы тиіс. Алайда қалыптасқан методологиялық ұстанымдар нәтижелі болуы үшін әдіс-тәсілдер кешені жан-жақты, пәнаралық сипатта болуы керек. Бұл зерттеуге деректік негіз

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulmi877@mail.ru

болатын мәліметтердің жиыны негізінен қазақ шежірелері арқылы түзілген ақпараттар болып табылады, оның ішінде төре шежіре деректері мен қожалардың насаб-намалары, қазақ ата-тектері туралы қолжазбаларда да айтылады. Зерттеудің әдіснамалық негізін оқиғаларға диалектикалық көзқарас, тарихшылық пен объективтілік принциптері және зерттелетін процестерді жүйелі талдау құрайды. Сондай-ақ тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық және тарихи-статистикалық сияқты жалпы тарихи әдістер қолданылды. Бұл әдістер мен тәсілдерді кешенді қолдану қарастырылып отырған мәселеге объективті талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

Нәтижелері мен талқылау

Қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың қатарында дәстүрлі отбасы институтының тарихына қатысты құбылыстар қатарында әр түрлі әлеуметтік-мәдени құндылықтар орын алады, соның ішінде ананы құрметтеу салты қазақ тарихының барлық дәуірінде сақталынып келді. Біз оны хандық дәуір деп аталатын — XV-XVIII ғасырлардағы тарихымыздан да анық байқаймыз. Ғасырларға созылған хандық дәуірде ел жадысы ана тұлғалардың есімдері мәңгіге сақталып қалды. Олар мына деректерде көріністер береді:

- 1) жазба дерек мәліметтерінде;
- 2) ауыз әдебиетінің үлгілерінде;
- 3) материалдық ескерткіш түрлерінде;
- 4) ру-тайпа атаулары мен ру-тайпа ұрандарында кездеседі [1; 52].

Қазақ хандығын хронологиялық тұрғыда екіге бөліп қарастыратын болсақ, бірінші кезең — XV-XVIII ғасырларды қамтитын Қазақ хандығының қуатты уақыты. Осы тұстағы Қазақ ордасындағы әйел-қыздардың саяси-қоғамдық өмірдегі мысалдарын келтіруге болады. Екінші кезең хандық билік тоқырап, патша отаршылдығы факторындағы XVIII ғасыр мен XIX ғасыр кезін қамтиды. Орта ғасырдағы тарихи деректерде XV-XVII ғасырлардағы түркі мемлекеттері тарихында із қалдырған бірнеше әйгілі әйелдердің есімдерін атауға болады.

Жақсы ана болатындай қыз тәрбиелеп өсіру тым арғы замандардан, сонау сақа дәуірінен сақталып келе жатқан игі дәстүр. Құмай ана, Тумарыс ана, одан соңғы тарихи эпос жырлардағы Құртқа ана, Гүлбаршын ана, Жиренше шешеннің жары әрі ақылшы серігі Қарашаш ана, Домалақ ана, Қызай ана, Болған ана, Айша бибі, берідегі Айғаным, Айпара, Зере бәйбіше, Күнжан, Айғыз, Шоқанның анасы Зейнеп Шорманқызы Шыңғыс Уәлиұлының келіні. Абылайдың әйелі Топыш ханым, Кенесарының қарындасы Бопай ханым. Бұлар бүкіл қазаққа әйгілі. Ұлтқа, ұлысқа ұя болған аналарды ел ұстайтын ер-отағасымен қосып атау шежірелердің жадынан еш шықпаған. Өйткені қазақ халқы «Ер жерді сақтайды, қыз ұлтты сақтайды» деген берік ұғымды ұранмен ұғындыра білген [2; 253].

Қазақ хандығы мемлекеті тарихында әйелдердің рөлі әсіресе хандықтың кейінгі кезеңінде жақсы көрініс табады. Хандық уақытында әйелдер мемлекеттің қарқындауында үлес қосқан. Жаңа табылған деректерде қазақ билеуші табындағы әйелдердің халықаралық қатынас деңгейінде көруге болады. Тарихи деректерде Орта Азияда өмір сүрген бірнеше атақты әйел тұлғалары жайлы мәлімет сақталған. Шибанидтер мемлекетінің өмірінде маңызды рөл атқарған, XV ғасыр аяғы мен XVI ғасырдың басында Қазақ хандығының жоғарғы билеушісі Бұрындық ханның қызы Михр Сұлтан-ханым болды.

Парсы тілді деректер әйел адамдардың шын аты аталмайды немесе аталса көбіне лақап аты қолданылады. Михр сұлтан-ханымның аты да лақап аты болуы керек. Сонымен қатар ханымның атын Михрибон, Михри ханым деген лақаптармен кездестіруге болады. Михр атауы — парсы тілінен мейірімді, қайырымды, нәзік деген мағына береді. Сол заманда мұсылман мемлекеттерінің билеуші ханымдары мен хан аналары жасаған қайырымдылық уақыптық жұмыстарды Бұрындық ханның осы қызы шибанилер келіні болған Михр ханымнан да көруге болады. Михр ханымның Бұрындықтың қызы екенін ханымның өзі қол қойған уақып грамотасынан (вакф-наме) көруге болады. Ортағасырлық бірнеше тарихи еңбектерден («Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», «Шейбани-наме», «Бахр әл-асрар») XV ғасырдың 90-жылдарының ортасында Бұрындық хан өзінің екі қызын шибанидтік сұлтандарға үйлендіргені белгілі. Михр ханым — Мұхаммед Тимур сұлтанның әйелі, Тимур сұлтан — шибанилер әулеті негізін қалаған Мұхаммед Шибани ханның үлкен ұлы болды.

Вакф-наме құжатын зерттеуші Р. Мукминованың пікірінше, Михр ханымның — Махди Умия деген де құрметті лауазымы болған, мағынасы тақ мұрагерінің анасы. Шибани сұлтан қайтыс болғанша ханым 20 жыл бірге тұрған. Шибаниден екі бала дүниеге әкелгені белгілі. Бұрындық хан да өмірінің соңғы жылдары аталмыш ханымның сарайында өткізгені белгілі. Ханымның күйеуі қайтыс болған соң да ол ханым Самарқандта өте ықпалды болды, сондай-ақ Кеш пен Несефте де көптеген ше-

берханасы, бау-бақша, дүкендері, базарлары, жер телімдері, үй-жайлары, жазғы ордалары болған. Ибн Рузбиханның дерегіне сай Самарқанда Михр ханым салған мекемелер:

- медресе Шимолия;
- Шимол медресесі мен Шейбани медресесін қосатын арка;
- шибанилер кесенелері, т.б.

Заманында Михр ханым салдырған медреселер ең керемет сәулет өнер туындылары болып есептеледі. Медресенің барлық шығынын, ұстаздардың жалақысын, шәкірттердің ақысын, тамақ-асын, кіші қызметкерлердің ақысын ханым өз уақыбынан өтеп отырған. Шәкірттерге сабын мен басқа да тұрмыстық заттар мен кіші қызметкерлердің өтемі үшін уақыптан жылына 2000 динар бөлініп отырған [3]. Михр Сұлтан-ханым Мұхаммед Тимур сұлтанның сүйікті әйелі және екі ұлының анасы болған, Самарқандта тұрған. Ханымның Ұлы Моғол еліндегі Бабыр сарайымен де хат алмасып тұрғанын деректерден байқауға болады.

Тарихшы Н. Атығаев Бұрындық ханның екінші қызы да шибанилер әулеті өкілдеріне тұрмыс құрғаны, бірақ ол ханым туралы нақты деректер сақталмағанын айтады. Тағы бір беделді шибанилер әулеті өкіліне тұрмысқа шыққан әйел «қазақ ханым» тахаллус көркем есімімен тарихта қалды. Оның тарихы өзбек билеушісі хан Убайдолла Шибани Захир ад-Дин Бабыр мен Сефевидтерді жеңген соң, қазақ ханы Қасымға бір қызына құда түсіп елшілерін жібергенде басталады. Қасым келісіп, ханның қызы Бұхараға Убайдоллаға барады. «Шараф-наме-йи-шахи» қолжазбасында хан Убайдолланың ұлы Абд әл-Азиз-ханның әке-шешесі қазақ сұлтандары қыздары болғаны айтылады. Өкінішке орай, бұл эсседе оның есімі аталмаған. XVII ғасырдың басындағы «Мусахир әл-биләдте» де Абдәл-Азиз-ханның анасы «қазақ ханым» деген қазақ сұлтандарының бірінің қызы болғанына дерек келтірілген.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиде» тағы бір атақты әйел тұлғасы туралы ақпарат бар. Ол қазақ сұлтаны Әдіктің үлкен қызы. Оны Күшкүнші ханның ұлы шибанид Абдолла сұлтанға күйеуге берді. Тағы да, қолжазба оның аты-жөнін көрсетпейді, тек ол көп ұзамай қайтыс болғаны белгілі. Бұл адам Аманбике ханым болуы мүмкін. Ол туралы Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесіндегі құлпытастағы жазудан белгілі (қазір жоғалған). Зерттеуші Н. Атығаев бұл эпиграфияны шибанилер эпиграфиялық ескерткіштерін зерттеушілер жасаған белгілі аудармасы: бұл марқұма Құдай рақымына алынған тақуа, пәк Аманбике ханымның қабірі — Жәнібек ханның қызы. Хижа жыл санауы бойынша 925 жылдың ережеп айында, қазіргі жыл санауы бойынша 1519 жылы қайтыс болған, – деген мәлімет береді.

Қасым ханның сарайында атақты екі ханым болған. Бірі — екі тақ мұрагері болуға ұл сыйлаған Ханық сұлтан бегім, екіншісі — Айша ханым. Айша ханым сефевидтерге қарсы өзбек хандарының соғысында қаза тапқан Әбілқайыр сұлтанның анасы. Соңғы уақыттарда отандық зерттеулерде Айша ханымның соңғы күндері Бабыр шах сарайында Үндістанда өтті деп көрсетіліп жүр. Сонымен қатар дереккөздерде ол кісінің қолжазбалары жөнінде пікірталастар көп.

Атақты Ханық Сұлтан бегім Әбілқайыр сұлтанның қайтыс болуымен Қазақ сарайында үлкен рөлге шықты. Себебі Ханықтан туған Мамаш сұлтан тақ мұрагері болды. Кейін Мамаш ханның хандық уақытында һәм Хақназар ханның тұсында Ханық ханымның хан ана дәрежесіне жеткенін көруге болады. Қазақ хандығының сол дәуірдегі саяси жағдайы ауыр болып, шайқы Мамай басқарған Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы қарым-қатынасының салқындағанын байқауға болады. Алайда орта ғасырлық саяси дипломатияда Жошы Ұлысын аясынан шыққан екі елді татуластыру хан қыздарына жүктелгені байырғы некелестіру арқылы елдестіру түркілік салтын көрсетеді. Осы орайда біз Қасым ханның Ханық сұлтан бегімнен туған бір қызы шайқы Мамайға ұзатылғанын көреміз [4].

Қазақ билеуші әулетінен шыққан Орталық Азияның билеушілерінің бірі – аштарханидтердің сарайындағы әйел қауымы болды. 1622 жылы Ресей елшісі И. Хохловтың баяндамасында 1611-1642 жылдары Аштархан мемлекетін басқарған хан Имамқұлидың әйелі қазақ сұлтаны Тұрсынның немере ағасының қызы екенін айтады. Бұл Есім хан мен оның қызы туралы мәлімет болуы тиіс. «Бахр әл-асрар» дерегі бойынша, Имамқұли ханның тағы бір әйелі қазақ сұлтаны Шығайдың ұлы, Абылайдың қызы болған. Оның есімі де, өкінішке қарай, дереккөзде аталмаған. «Силсалат ас-салатин» кітабы қолжазбасында Имамқұлидың мұрагері Нәдір Мұхаммед хан — өз уәзіріне баласы Әбділ-Азизді Жәңгір есімді қазақ ханының қызына атастырған. Жәңгір келіседі де, қызы тамаша шерумен, сән-салтанатпен Самарқанға аттанды. Силсалат ас-салатинде «Қазақ ханының қызын Қазақ ханым деген лақап атпен атаған» деп хабарлайды [3]. Осындай деректердің барлығы төре тұқымдары джучид, оның тарамдары батуид пен шибани әулеттері арасындағы некелесу, сол арқылы сүйек жаңғыртып, туыстасуын көрсетеді.

XVII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының атақты билеушісінің бірі — Жәлім сұлтанның қызы, Тұрсын ханның қарындасы Ташкент билеушісі шибани Баба-сұлтанға тұрмысқа шыққан, бірақ оның есімі дереккөздерде аталмаған. Шығыс Түркістанда өмір сүрген Моғолстанның тарихында да төре әулетінің әйелдері өз ізін қалдырды. Сонымен Моғол билеушілерінің сарайында Әдік сұлтанның екінші қызы Чучук ханым маңызды рөл атқарды. Ол Моғолстан мемлекетінің батыс бөлігінің билеушісі Сұлтан Саид ханның ұлы Абд ар-Рашидтің үлкен әйелі болды. 1524 жылы қыста болған саяси қиындықтар оның ағасы қазақтың Тахир ханын моғол сарайынан қолдау іздеуге мәжбүр етті. Олардың кездесуі кезінде қазақтар мен моғол билеушілері арасында хандық некелесті. Әдік сұлтан мен Нигар ханымның қызы Чучук ханым Абд ар-Рашид сұлтанға тұрмыс шыққанын әйгілі «Тарихи Рашиди» еңбегі растайды.

Чучук ханым х.940/м.1533 жылы әкесінің орнына мемлекет тағына отырған Абд ар-Рашидтің бәйбішесі және адал серігі болды. Моғолстан ханы х.967/м.1559-1560 жж. жылы қайтыс болғанға дейін 35 жылдан астам бірге өмір сүрді. Ханымнан алты ұл туды, оның екеуі (Абд әл-Кәрім хан мен Мұхаммед хан) Моғолстан мемлекетінің ханы болды. Чучук ханым күйеуі қайтыс болғаннан кейін де Моғолстан сарайындағы ықпалын сақтап қалды. Сондай-ақ Моғолстан мемлекетінің сарайында қазақ сұлтаны Жәлімнің қызы Ханым падшах көрнекті рөл атқарды. Моғолстан ханы Шуджа әл-Латифтің әйелі (1609-1610 жж. билік құрған). Шах-Махмуд Чурас ол туралы «заманының ең ақылды әйелі» деп сипаттайды [3].

Ханым падшах 1619 жылдан бастап Моғолстан мемлекетінің жоғарғы билеушісі Абд әл-Латиф-ханның (Апақ хан) анасы. 13-14 жасына дейін ханға шешесі жан-жақты көмек көрсетті. Шах-Махмуд Чурастың айтуынша, ханның жастығын пайдаланып, байрин тайпасынан шыққан белгілі бір әмір Мұхаммед Юсуф Абд әл-Латиф ханның келісімінсіз маңызды саяси шешімдер қабылдай бастаған. Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар» еңбегінде XVII ғасырдың басында қазақ сұлтаны Есім мен Моғолстан ханы Абд ар-Рахим арасында саяси одақ жасалды. Одақ әулеттік неке арқылы қамтамасыз етілді: Есімнің інісі қазақ сұлтаны Күшіктің қызы Абд ар-Рахим ханға, ал Есім Моғолстан ханының қызына үйленді. Шах-Махмуд Чурастың айтуынша, Жәңгір ханның бір қызы Моғолстан билеушісі Абдаллах ханның ұлы Юлбарыс сұлтанға тұрмысқа шыққан. Ханым және оның ұрпақтары туралы мәлімет жоқ. Юлбарыс сұлтан өз әкесіне жасаған көтерілісі үшін сұлтанның қазақ ханымынан туған қызы Ханзаде ханым атасы Абдаллах ханның бұйрығымен дарға асылған [3].

Жақын көршілердің, ағайын халықтардың тарихына ықпал еткен тағы бір қазақ ханымы — Сүзге ханым. Сүзге ханым — Шығай ханның қызы, Тәуекелдің қарындасы, Сібірдің атақты ханы Көшімнің ханымы. Сібір хандығы — ХҮ ғасырда Алтын Орданың ыдырауымен пайда болған, билеушілері Шыңғыс тұқымдарынан болған Сібір-Есіл аймағындағы алып мемлекеттің бірі. Сібір хандығы да басқа да Алтын Орда мұрагерлері сияқты Ұлы Даланы толық басқаруға мүдделі еді. Сібірдің ең атақты ханы — Көшім. Көшім тұсында хандық кеңейіп, айналадағы бірқанша халыққа исламды тарату себебімен соғыстар ашып, ханты-мансы сияқты халықтардың жерлерін хандыққа қосқан. Сібір билеушілері — Жошының Шибан есімді баласынан тараған деген тұжырым бар [5].

Сүзге ханым — сол заманның ақындарының өлеңінде өте әдемі, парасатты, ақылды, ханның жанында кеңес беруші ретінде сипатталады. Сүзге ханымның сұлулығына тек шолпан жұлдызы ғана таласа алады эпитеттерді кездестіруге болады. Сүзгенің Көшім сияқты чингизидтер арасындағы өте беделді, беделі зор ханның сарайына баруы Алтай мен Еділ арасын, Алтын Орданың кезіндегі аумағының үштен бірін уысына ұстаған Қазақ хандарының бақталасуын, тақталасуын біраз уақытқа ығыстырды деуге болады. Ел мен елді, ұлыс пен ұлысты қосатын қыз бала деп қазақ осы ханымдарымызға қарап айтса керек [6].

Көшім хан ханымына үлкен сарай салдырған. Аталмыш сарай хандықта теңдесі жуық көркем, қызметкерлері қисапсыз болған деседі. Сүзге ханымның дүниеден өтуі аңыздарда Ермақтың Сібір хандығын жаулауымен тұспа-тұс келеді. Мәскеу княздігі Сібірді жаулау саясаты жеңісті аяқталып, Ермак әскері Сүзге сарайын қоршап, ханымды осы жерде жазым қылады. Бір деректерде ханым өз абыройын, тегін қорғау үшін өз-өзін жазым қылған деседі. Орыс, сібір татарлары, қазақ халқының жадында Сүзге — әйелдік нәзіктік пен парасаттылықтың ерекше көрінісі боп қала береді. XIX ғасырдан бері Сібір өңірінің театрларында «Сүзге ханым» пьесасы үздіксіз көрсетіліп келеді.

Тарихшылар Сібір сарайында болған Шығайдың тағы бір қызы болғандығын айтады. Көшімнің інісі Ахмет-Керейге тұрмысқа шыққан. Алайда неке сәтсіз болған, Ахмет-Керей көп ұзамай адуынды қайын атасымен жанжалдасады. Осы жанжалда Ахмет-Керей дүниеден өтеді [3].

Сібір сарайынан әрі асып, Мәскеу сарайында болған қазақ ханымдары да бар екен. Мәскеу сарайында болған қазақ ханымдарының оқиғасы өзгереді. Олар ұзатылып барған жоқ, орыс әскері Сібір хандығы жаулаған кезде Тәуекел ханның бір топ туысын, немере інісі Ораз-Мұхаммедті тұтқындап Мәскеуге әкетеді. Ораз-Мұхаммедтің қазақтың ханы Тәуекелге жазған хатында әжесінің, жеңгелерінің, бауырларының Мәскеуге тұтқынға түскенін жазады. Ораз-Мұхаммед кейін Қасым хандығының алғашқы билеушісі болып, онымен бірге ханымдар Қасым сарайында сән-салтанатты өмір сүргендігін пайымдауға болады [5].

Қорытынды

Орта ғасырлардағы қазақ сарайындағы ханым-қыздарға қатысты тарихи деректердің барлығын жинақтап, біз мынадай қорытындыға келеміз. Жошы Ұлысының аясынан жекеленіп шыққан елдердің билеушілері мен Моғолстан билеушілері арасындағы саяси бәсекелестікке, дауларды оң шешуде үлкен рөл атқарған ханымдар, төре әулеті қыздары болды. Алайда олар тек саяси биліктің өкілдері болды деу қате. Ханымдары арасынан екі жоғарғы дәрежеге жетіп, балаларын хан тағайындап, жас балалары тұсында ұзатылып барған елдерде саяси билікке перде сыртынан ықпал еткенін байқаймыз. Билік пен дәрежеден бөлек халық арасындағы айтарлықтай беделдері де аталмыш ханымдардың ортақ тарихымызда ойып тұрып орын алған. Мысалы, Михрибан ханым сияқты ханымдардың Бұхара мен Самарқанда салдырған мәдени ескерткіштері, ханымдардың мұсылман өркениетіне тән қасиеттер - қайырымдылық, діни уақып қатынастарын жүргізуде белсенді болғанын көрсетеді. Ел тарихындағы осы ханымдарды Османлы әулеттері, немесе Ұлы моғол сарайларында олардың мәдени, әлеуметтік жағдаятына ықпал еткен Уалиде Айша сұлтан, Хюррем сұлтан, Мумтаз Махалдарға ұқсас болған деп есептеуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кәрібаев Б. Қазақ хандығы дәуіріндегі ханымдар / Б. Кәрібаев // Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар: Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. — Астана: Форма Плюс, 2015. — 304 б.
- 2 Алпысбес М. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу / М. Алпысбес. — Алматы: TechSmith, 2018. — 340 б.
- 3 Атыгаев Н.А. Казахские женщины при дворах иностранных правителей (XV–XVII вв.) [Электронный ресурс]. / Н.А. Атыгаев. — Режим доступа: <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/645>.
- 4 Атыгаев Н.А. Некоторые замечания о казахско-башкирском султани Хакк-Назаре [Электронный ресурс]. / Н.А. Атыгаев. — Режим доступа: <https://iie.kz/?p=4716&lang=ru/>.
- 5 Утемиш-хаджи ибн Маулана Мухаммад Дости. Чингиз-наме. — Алма-Ата: Ғылым, 1992. — С. 117–118.
- 6 Ершов П.П. Сузге / П.П. Ершов. — М.: Директ-Медиа, 2014. — 42 с.
- 7 История Казахстана в русских источниках. Том 1: Посольские материалы Русского государства (XV–XVII вв.) / Сост. А.И. Исин. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 704 с.

Г.К. Уалиева, М.А. Алпысбес

Брачная дипломатия ханов Казахской Орды в установлении международных отношений с династией чингизидов

Казахское ханство — крупная мусульманская держава, с традициями ведения комплексного хозяйства, основанного в том числе и на экономике полукочевого коневодства, распространенного почти на всей территории Великой степи в позднетюркское время. О Казахском ханстве можно судить по его международным взаимоотношениям с крупнейшими мусульманскими и соседними государствами того времени. О нем написаны и пишутся обширные научные обзоры, статьи, труды. В рамках настоящего исследования мы не затронем вопросы истории самого ханства, его формирования, а рассмотрим одну из актуальных тем — роль женщин в патриархальном полукочевом мусульманском государстве. Предпримем попытку написания аналитической статьи о роли женщин в политике, общественной жизни, культурно-духовной жизни, в жизненном процессе, в целом, а также изучим, как строились браки между представителями торе-чингизидов, среди его правящих ветвей — батуидов и шейбанидов, а также джучидов из Могулистана. Кроме того, на основе средневековых исторических данных, статей отечественных и зарубежных ученых-историков, приведем некоторые сведения о казахских женщинах, живших во дворцах правителей соседних государств, оказавших влияние на международ-

ную и межгосударственную дипломатию. Женщины из числа торе-чингизидов были верными спутницами в жизни мужей, являлись матерями детей-султанов. Некоторые из них занимали высокие посты в государстве и участвовали в политической (в том числе международной) и общественной жизни страны. Достаточно вспомнить о таких личностях, как Михр-султан из династии Шейбанидов, Чучук ханым в Могулистане, Бопай ханым в Казахской Орде, Айша ханым во дворце Бабура, Сузге ханым в Сибирском ханстве.

Ключевые слова: Казахское ханство, роль женщин, патриархальный строй, политическая жизнь, могулы, Сибирское ханство, шейбаниды, государство Бабура.

G.K. Ualiyeva, M.A. Alpysbes

Marriage diplomacy of the Khans of the Kazakh Horde in establishing relations with the dominion of the Genghisid dynasty

The Kazakh Khanate is a large Muslim power with the traditions of a complex economy, based, among others, on the economy of semi-nomadic horse breeding, occupying the main part of the Great Steppe in the late Turkic period. The state of Kazakh Khandyk can be judged by its relations with the largest Muslim and neighboring states of that time. Extensive scientific reviews, articles, and works have been written about it and are being written now. We will not dwell on the history of the Khanate itself, on political issues of formation, in our article we will consider one of the topical themes – the role of women in this patriarchal semi-nomadic Muslim state. Let's try to write an analytical article about the role of women in politics, the role of women in public life, the role of women in cultural and spiritual life, the role of women in the life process, and also study how dynastic marriages were built between representatives of the Tore-Genghisids, between its ruling branches – Batuids and Sheibanids, as well as Juchids from Mogulistan. Also, based on medieval historical data, articles by domestic and foreign historians, the article provides some information about Kazakh women who lived in the palaces of the rulers of neighboring states, who had an impact in international, interstate diplomacy. Often they, being representatives of the Kazakh ruling elite, ended up there as a result of dynastic marriages. Women from among the Tore Genghisids were faithful companions in their husband's life, were mothers of the children of sultans. Some of them held high positions in the State and participated in its political (including international) and public life. We can write in more detail about such women as Mihr-Sultan from the Shibaniid dynasties, Chuchuk Khanym in Mogulistan, Bopai Khanym in the Kazakh Horde, Aisha Khanym in Babur's palace, Suzge Khanym in the Siberian Khanate.

Key words: the Kazakh Khanate, role of women, patriarchal system, political life, Moguls, Siberian Khanate, Sheibanids, Babur state.

References

- 1 Karibaev, B. (2015). Qazaq khandygy dauirindegi khandymdar [Ladies of the Kazakh Khanate era]. *Qazaq khandygy tusyndagy khandymdar men arular: Khalyqaralyq gylimi-tazhiribelik konferentsiia materialdary — Ladies and beauties under the Kazakh Khanate: materials of the scientific and practical conference*. Astana: Forma Plus [in Kazakh].
- 2 Alpysbes, M. (2018). Qazaq shezhiresi: tariqnamalyq–derektanulyq zertteu [Kazakh Chronicle: historiographical and source research]. *Almaty: TechSmith* [in Kazakh].
- 3 Atygaev, N.A. Kazakhskie zhenshiny pri dvorakh inostrannykh pravitelei (XV–XVII vv) [Kazakh women at the courts of foreign rulers (XV–XVII centuries)]. Retrieved from <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/645> [in Russian].
- 4 Atygaev, N.A. Nekotorye zamechaniia o kazakhsko-bashkirskom sultane Khakk-Nazare [Some remarks about the Kazakh-Bashkir Sultan Hakk-Nazar]. Retrieved from <https://iie.kz/?p=4716&lang=ru/> [in Russian].
- 5 Utemish-Haji ibn Maulana Muhammad Dosti: Chingiz-name (1992). [Genghis-name]. *Almaty: Gylym* [in Russian].
- 6 Ershov, P.P. (2014). Suzge [Suzge]. Moscow: Direkt-Media [in Russian].
- 7 Isin, A.I. (Eds.). (2005). Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh. Posolskie materialy Russkogo gosudarstva (XV–XVII vv.) [The history of Kazakhstan in Russian sources. Ambassadorial materials of the Russian state (XV–XVII centuries)]. Vol. I. *Almaty: Daik-Press* [in Russian].